

**«Ерекше тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

Р/с №	Құрылымдық элементі	Жобаның редакциясы	Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1.	Заң жобасының тақырыбы	Ерекше тауарларды бақылау туралы	Заң жобасының тақырыбындағы « Ерекше » деген сөз « Өзіндік ерекшелігі бар » деген сөздермен ауыстырылсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциялық түзету.	Қабылданды
2.	Кіріспесі	Мазмұны Осы Заң Қазақстан Республикасы органының, органдарының тауарларды бақылау саласындағы қызметінің қағидаттарын және құқықтық негіздерін белгілейді, Қазақстан Республикасының экспортты, кері экспортты, импортты, транзитті жүзеге асыратын эксаумақтық делдалдық қызмет немесе техникалық көмек көрсететін жеке және заңды тұлғаларының, сондай-ақ эксаумақтық кері экспортты немесе транзитті жүзеге асыратын шетелдік	« Мазмұны » деген сөз алып тасталсын; мынадай редакцияда жазылсын: Осы Заң өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау қағидаттарын және құқықтық негіздерін белгілейді, Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, кері экспортты, импортын, транзитін жүзеге асыру, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету кезіндегі, сондай-ақ өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың эксумақтық кері экспортты және транзитін жүзеге асыратын шетелдік тұлғалардың	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы. Редакцияны нақтылау.	Қабылданды

		тұлғалардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.	құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.		
3.	1-баптың 2) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 2) жеткізу құралдары – бақылау тізімінде көрсетілген зымырандар мен ұшқышсыз ұшу аппараттары;	Мынадай редакцияда жазылсын: «2) жеткізу құралдары – өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген жаппай қырып-жою қаруын жеткізуге қабілетті зымырандар мен пилотсыз әуе кемелері;».	Депутат Қ.Т. Ержан Редакциясын нақтылау. «Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімі» ұғымының толық атауы, оны қысқартуды пайдалану мүмкіндігі заң жобасының 1-бабының 10) тармақшасында ғана көзделеді.	Қабылданды
4.	1-бап	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 3) импорт – ерекше тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу; ... 10) кері экспорт – Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тысқары жерлерде өндірілген, оның аумағына бұрын әкелінген, ерекше тауарларды әкету; ... 12) транзит – ерекше тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізу; ...	3), 10), 12) және 16) тармақшалардағы « ерекше » деген сөз алып тасталсын. 16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «16) экспорт – тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкету, сондай-ақ бағдарламалық қамтылым мен технологияларды Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік тұлғаларға беру.»;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Импорт», «экспорт», «транзит» терминдері Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген және кеңінен қолданылатын терминдер болып табылады. Заң жобасы ұсынған редакциялар бұл ұғымдардың анықтамаларын тек өзіндік ерекшелігі бар тауарларға дейін тарылтады, бұл іс жүзінде мүмкін емес, өйткені өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импорты мен экспорты мәселелері	Қабылданды

		16) экспорт – ерекше тауарларды Қазақстан Республикасының аумағының шегінен тысқары жерлерге әкету, сондай-ақ бақылау тізімінде көрсетілген технологияларды Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік тұлғаларға беру;		бүгінде қаралып отырған осы заң жобасымен ғана реттелмейді. Бұл мәселе «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ-мен, кеден заңнамасымен реттеледі, ал осы заңнамалық актілерде «импорт», «экспорт», «транзит» ұғымдарының жалпы қабылданған анықтамасы пайдаланылады. Бұдан басқа, заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша «импорт», «экспорт», «транзит» терминдерінен кейін әрқашан «өзіндік ерекшелігі бар тауарлар», «қосарланған мақсаттағы тауарлар» деген сөздер пайдаланылады.	
5.	1-баптың 4) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 4) ерекше тауарлар – қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлар, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бақыланатын тауарлар;	«ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан» деген сөздер «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутат М.Т. Ерман «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру.	Қабылданды
6.	1-бап	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	Мынадай мазмұндағы жаңа 5) тармақшамен толықтырылсын:	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті,	Қабылданды

		<p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>Жоқ.</p>	<p>«5) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау - осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген, Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасының талаптарын және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау жөніндегі шаралар жиынтығы;»;</p> <p><i>Кейінгі тармақшалардың нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Депутат А.С. Құспан</p> <p>«Өзіндік ерекшелігі бар тауарлар» ұғымын айқындау мақсатында.</p>	
7.	1-баптың 5) тармақшасы	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>5) қосарланған мақсаттағы тауарлар – азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ жаппай қырып-жою қаруын, оны жеткізу құралдарын, қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді жасау үшін қолданылуы мүмкін бақылау тізімінде көрсетілген өнім (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологиялар);</p>	<p>«, оны жеткізу құралдарын» деген сөздер «және оны жеткізу құралдарын» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«техника мен оқ-дәрілерді» деген сөздер «техниканы» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>«бақылау тізімінде» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Редакциясын нақтылау.</p> <p>«Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімі» ұғымының толық атауы, оны қысқартуды пайдалану мүмкіндігі заң жобасының 1-бабының 10) тармақшасында ғана көзделеді.</p> <p>«Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» ҚРЗ сәйкес «оқ-дәрілер» «қару-жарақ»</p>	Қабылданды

				ұғымына енеді.	
8.	1-баптың б) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... б) әскери мақсаттағы тауарлар – бақылау тізімінде көрсетілген әскери өнім (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету және технологиялар);	Мынадай редакцияда жазылсын: «б) әскери мақсаттағы тауарлар – өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген қару-жарак, әскери техника, технологиялар, бағдарламалық қамтылым, техникалық және арнайы құралдар, материалдар, өндіруге және сынауға арналған жабдық, олардың жиынтықтауыштары мен қосалқы бөлшектері;».	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау.	Қабылданды
9.	1-баптың 7) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 7) ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бақыланатын тауарлар – ұлттық қауіпсіздікті, сыртқы саясатты, терроризмге қарсы күресті, қылмысты және қоғамдық қауіпсіздікті басқару мақсатында бақыланатын, бақылау тізімінде көрсетілген, қосарланған және әскери мақсаттағы тауарларға жатпайтын өнім; ...	Мынадай редакцияда жазылсын: «7) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар) – өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімінде көрсетілген, қосарланған немесе әскери мақсаттағы тауарларға жатпайтын, халықаралық деңгейде ұлттық мүдделерге және Қазақстан Республикасының саяси имиджіне нұқсан келтіруді болғызбау, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризмге және	Депутат М.Т. Ерман Редакциясын нақтылау. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.	Қабылданды

			қылмысқа қарсы күрес бөлігінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін бақыланатын тауарлар;»;		
10.	1-баптың 8) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 8) ерекше тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары – осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде ерекше тауарларды бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары;	«заңдарында» деген сөз «заңнамасында» деген сөзбен ауыстырылсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
11.	1-баптың 9) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 9) бақылау тізімі – осы Заңға сәйкес бақылауға жататын ерекше тауарлар тізбесі;	«бақылау тізімі» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылау тізімі (бұдан әрі – бақылау тізімі)» деген сөздермен ауыстырылсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның ілеспе жобасына сәйкес келтіру.	Қабылданды

12.	1-баптың 11) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 11) эксаумақтық кері экспорт – Қазақстан Республикасында өндірілген қайта өңдеуге ұшырамаған ерекше тауарларды басқа мемлекеттің аумағынан үшінші елдерге әкету;	« басқа мемлекеттің » деген сөздер « басқа шет мемлекеттің » деген сөздермен ауыстырылсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау.	Қабылданды
13.	1-баптың 14) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 14) уәкілетті орган – ерекше тауарларды бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;	Мынадай редакцияда жазылсын: «14) уәкілетті орган – өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. ».	Депутат М.Т. Ержан «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес келтіру.	Қабылданды
14.	1-баптың 15) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 15) ерекше тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйесі – ерекше тауарларды бақылау қағидаларын және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтау мақсатында жүзеге асырылатын	Мынадай редакцияда жазылсын: «15) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйесі – Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасында белгіленген және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің талаптарын орындау мақсатында жүзеге асырылатын	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасында өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау қағидалары көзделмеген.	Қабылданды

		ұйымдастырушылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де сипаттағы іс-шаралар кешені;	ұйымдастырушылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де сипаттағы іс-шаралар кешені;»;		
15.	1-баптың 17) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 17) идентификаттау – тауарлардың ерекше тауарларға тиесілігін (сәйкестігін) белгілеу;	Мынадай редакцияда жазылсын: «17) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру – тауарлардың, оның ішінде бағдарламалық қамтылымның және технологиялардың өзіндік ерекшелігі бар тауарларға тиесілігін белгілеу;»;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша ұғымдарды бірізді жазу мақсатында. Заң жобасының 10-бабына сәйкес келтіру.	Қабылданды
16.	1-баптың 18) және 19) тармақшалары	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 18) техникалық көмек – Қазақстан Республикасының аумағының шегінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары қосарланған және әскери мақсаттағы тауарларды жөндеу, дайындау, жинау, тестілеу, жаңғырту және өзге де техникалық қызмет көрсету, оның ішінде консультациялар, нұсқау, оқыту, жұмыс тәжірибесімен және дағдылармен алмасу бойынша жүзеге асыратын қызмет; 19) эксаумақтық көрсетілетін делдалдық қызметтер – Қазақстан	« қосарланған және әскери мақсаттағы тауарларды » деген сөздер « қосарланған және (немесе) әскери мақсаттағы тауарларды » деген сөздермен ауыстырылсын;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау.	Қабылданды

		Республикасының аумағынан тысқары жерлерде қосарланған және әскери мақсаттағы тауарларды сату, сатып алу жөніндегі мәмілелерге әкеп соғатын келіссөздер немесе тікелей іс-әрекеттер бойынша Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ делдалдық иелігіндегі немесе басқа үшінші елден екінші үшінші елге оның бақылауындағы қосарланған және әскери мақсаттағы тауарларды сату, сатып алу, тасымалдау;			
17.	1-баптың 21) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: ... 21) кепілдік міндеттеме – экспорттаушы елдің құзыретті органының рұқсатынсыз импортталатын ерекше тауарларды мәлімделген (бейбіт) мақсаттарда пайдалану және үшінші елдерге эксаумақтық кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген ресми растау ;	Мынадай редакцияда жазылсын: «21) кепілдік міндеттеме – экспорттаушы елдің және (немесе) шығу тегі елінің құзыретті органының рұқсатынсыз, импортталатын тауарларды мәлімделген мақсаттарда пайдалану және оларды үшінші елдерге немесе үшінші тұлғаларға беруге жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген ресми растау қамтылған құжат;»;	Депутат А.С. Құспан	Қабылданды
18.	1-баптың 22) тармақшасы	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	Мынадай редакцияда жазылсын: «22) Қазақстан Республикасының түпкілікті	Депутат Ф.А. Қаратаев	Қабылданды

		<p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>22) Қазақстан Республикасының түпкілікті пайдаланушысының сертификаты – уәкілетті органның түпкілікті пайдаланушының тауарларды сертификатта көрсетілген мақсаттар үшін пайдалануға және сатушы елдің және уәкілетті органның келісімінсіз мұндай тауарлардың экспортына немесе үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермеуге міндеттенгені туралы растамасын қамтитын құжат;</p>	<p>пайдаланушысының сертификаты – уәкілетті органның түпкілікті пайдаланушының импортталған тауарларды мәлімделген мақсаттарда пайдалануға және экспорттаушы елдің және (немесе) шыққан елдің және уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз, оларды үшінші елдерге және үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге міндеттенетіні туралы растауын қамтитын құжат;».</p>	<p>Редакциясын нақтылау және «түпкілікті пайдаланушының сертификаты» деген ұғыммен үйлестіру.</p>	
19.	1-баптың 23) тармақшасы	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>23) Қазақстан Республикасының халықаралық импорттау сертификаты – уәкілетті органның импорттаушының тауарларды импорттауға және уәкілетті органның рұқсатынсыз мұндай тауарлардың экспортына немесе үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермеуге міндеттенгені туралы растамасын қамтитын құжат.</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«23) Қазақстан Республикасының халықаралық импорттау сертификаты – уәкілетті органның импорттаушының тауарларды импорттауға және экспорттаушы елдің және (немесе) шыққан елдің және уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз, оларды үшінші елдерге немесе үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге міндеттенетіні туралы растауын қамтитын құжат.».</p>	<p>Депутат Ф.А. Қаратаев</p> <p>«Кепілдік міндеттеме», «түпкі пайдаланушының сертификаты» және «халықаралық импорттау сертификаты» деген ұғымдарды үйлестіру.</p>	Қабылданды
20.	1-бап.	<p>1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p>	<p>Мынадай мазмұндағы 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:</p> <p>«24) коммерциялық құжаттар –</p>	<p>Депутаттар Қ.Т. Ержан Д.М. Еспаева</p>	Қабылданды

		<p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>Жоқ.</p>	<p>сыртқы сауда және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ өзіндік ерекшелігі бар тауарларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуге байланысты сыртқы экономикалық мәмілелердің жасалуын растау үшін пайдаланылатын құжаттар (шот-фактуралар (инвойстар), өзіндік ерекшеліктер, тиеу (буып-түю) парақтары);</p> <p>25) көлік (тасымалдау) құжаттары – өзіндік ерекшелігі бар тауарларды тасымалдау шартының бар екенін растайтын құжаттар және осындай тасымалдау кезіндегі олардың ілеспе құжаттары (коносамент, жүккүжат).».</p>	<p>А.С. Құспан</p> <p>«Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын бақылау нысандары» атты 29-баптың жаңа редакциясында пайдаланылатын ұғымдарды ашу мақсатында.</p>	
21.	2-бап.	<p>2-бап. Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау саласындағы заңнамасы</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының</p>	<p>1-тармақта:</p> <p>«және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға негізделеді,» деген сөздер «негізделеді және» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«ерекше тауарларды бақылау саласындағы қатынастарды реттейтін» дегшен сөздер алып тасталсын;</p> <p>2-тармақтағы «осы Заңда</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Заң техникасы. Заң шығарушылық тәжірибе.</p>	Қабылданды

		<p>ерекше тауарларды бақылау саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.</p> <p>2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда белгіленгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.</p>	<p>белгіленгеннен» деген сөздер «осы Заңда қамтылғаннан» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>		
22.	3-бап	<p>3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы</p> <p>1. Осы Заң экспортты, кері экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық көрсетілетін делдалдық қызмет немесе техникалық көмекті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органының, мемлекеттік органдарының және Қазақстан Республикасының жеке, заңды тұлғаларының, сондай-ақ эксаумақтық кері экспорт пен транзитті жүзеге асыратын шетелдік тұлғалардың қатынастарын реттейді.</p> <p>2. Осы Заңның күші осы Заңда белгіленген мақсаттарда ерекше тауарларды бақылауды жүзеге асыру бөлігінде экспортқа, кері экспортқа, эксаумақтық кері экспортқа, импортқа, транзитке, эксаумақтық делдалдық қызметтер</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «1. Осы Заң өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, кері экспортын, импортын, транзитін, эксаумақтық көрсетілетін делдалдық қызмет немесе техникалық көмекті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органының, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының, жеке және заңды тұлғаларының, сондай-ақ өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кері экспортын және транзитін жүзеге асыратын шетелдік тұлғалардың қатынастарын реттейді.</p> <p>2. Осы Заңның күші, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Заң жобасының 1-бабының 8) тармақшасына және 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Құқық қолдану практикасында әртүрлі түсіндірулерді болдырмау мақсатында Заң жобасының 3-бабында Заңның қолданылуы қолданылмайтын қатынастарды көрсету ұсынылады.</p> <p>Қазіргі уақытта жауынгерлік және жедел-қызметтік міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы</p>	Қабылданды

		<p>немесе техникалық көмек көрсетуге қолданылады.</p>	<p>қарулануына қабылданған жауынгерлік қол атыс қаруы мен суық қарудың бірлі-жарым даналарын әкету мен әкелуді қоспағанда, осы Заңда белгіленген мақсаттарда ерекше тауарларды бақылауды жүзеге асыру бөлігінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына, транзитіне, эксаумақтық кері экспортына эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге қолданылады.».</p>	<p>Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жауынгерлік қарудың бірлі-жарым даналарын Қазақстан Республикасынан әкетуі және Қазақстан Республикасының аумағына әкелуі қаруды алып жүру құқығын растайтын құжат негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» және «Жекелеген қару түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ «Қару-жарақ пен әскери техника айналымының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 896 қаулысымен реттеледі.</p>	
--	--	---	--	--	--

23.	4-бап.	<p>4-бап. Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі мақсаттары мен қағидаттары</p> <p>1. Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі мақсаттары:</p> <p>...</p> <p>4) халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, жаппай қырып-жою қаруы мен жеткізу құралдарының таралуының болдырмау болып табылады.</p> <p>2. Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі қағидаттары:</p> <p>...</p> <p>2) Қазақстан Республикасының жаппай қырып-жою қаруын, жеткізу құралдарын таратпау жөніндегі, сондай-ақ ерекше тауарларды бақылау саласындағы халықаралық шарттарын сақтау;</p> <p>...</p> <p>4) Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау</p>	<p>Тақырыбындағы «Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі мақсаттары» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мақсаттары» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>1-тармақта: бірінші абзацтағы «Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі мақсаттары» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мақсаттары» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>4) тармақша «жеткізу» деген сөздің алдынан «оны» деген сөзбен толықтырылсын;</p> <p>2-тармақта: бірінші абзацтағы «Ерекше тауарларды бақылаудың негізгі қағидаттары» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау қағидаттары» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>2) тармақшада: «қаруын, жеткізу» деген сөздер «қаруын және оны жеткізу» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«саласындағы» деген сөз «аясындағы» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Редакциялық және нақтылаушы түзетулер. «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» ҚРЗ және заң жобасының мәтініне сәйкес келтіру.</p> <p>Экстремизмді бақылау осы Заңның реттеу мәні болып табылмайды.</p>	Қабылданды
-----	--------	--	---	---	------------

		саласындағы заңнамасы бойынша ақпараттың қолжетімділігі; 5) терроризмді және экстремизмді қолдауға жол бермеушілік;	«4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы ақпараттың ашықтығы;»; 5) тармақшадағы «және экстремизмді» деген сөздер алып тасталсын;		
24.	5-бап	5-бап. Бақылау тізімі 1. Бақылау тізімі экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерінің тізімдері ескеріле отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерін орындау қажеттіліктері негізге алына отырып әзірленеді. 2. Бақылау тізімінде айқындалған тауарлар экспорт, кері экспорт, эксаумақтық кері экспорт, импорт, транзит, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету немесе техникалық көмек кезінде бақылауға жатады.	Мынадай редакцияда жазылсын: «1. Бақылау тізімі экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерінің бақылау тізімдері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары негізге алына отырып әзірленеді. 2. Бақылау тізіміне енгізілген өзіндік ерекшелігі бар тауарлар экспорт, кері экспорт, эксаумақтық кері экспорт, импорт, транзит, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету немесе техникалық көмек кезінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылауына жатады.»	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциялық түзету. Редакциясын нақтылау.	Қабылданды
25.	6-бап	6-бап. Ерекше тауарларды бақылау әдістері Ерекше тауарларды бақылау: ... 2) экспорттың, кері экспорттың, эксаумақтық кері экспорттың, импорттың, транзиттің, эксаумақтық делдалдық қызметтер	Тақырыбындағы «Ерекше тауарларды бақылау әдістері» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау түрлері» деген сөздермен ауыстырылсын; 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау. Кепілдік міндеттемелерді ұсына отырып импортталған тауарлардың берілуін	Қабылданды

		<p>немесе техникалық көмек көрсетудің рұқсат беру тәртібі;</p> <p>...</p> <p>4) экспортты, кері экспортты, эксаумақтық кері экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық делдалдық қызметті немесе техникалық көмекті көрсетуді шектеу;</p> <p>...</p> <p>б) тиісті рұқсат алмай, импортталған ерекше тауарлардың тиісінше пайдаланылуына және үшінші тұлғаларға және басқа мемлекеттерге берілмеуіне мемлекеттік бақылау жасау;</p>	<p>«2) өзіндік ерекшелігі бар тауарлар экспортының, кері экспортының, импортының, транзитінің, эксаумақтық кері экспорттың, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетудің, Қазақстан Республикасының аумағында импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер беріле отырып импортталған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге рұқсат беру тәртібі;»;</p> <p>4) тармақшадағы «эксаумақтық кері экспортты, импортты, транзитті» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортын, транзитін, эксаумақтық кері экспортты» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«6) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылау;»;</p>	<p>мемлекеттік бақылауды регламенттеу мақсатында.</p> <p>Заң жобасының 25-бабының жаңа редакциясына сәйкес келтіру.</p>	
26.	6-бап	<p>6-бап. Ерекше тауарларды бақылау әдістері</p> <p>Ерекше тауарларды бақылау:</p> <p>...</p> <p>7) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес экспорт, кері</p>	<p>7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«7) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуін кедендік бақылау;</p>	<p>Депутаттар Д.М. Еспаева А.С. Құспан Б.М. Сартбаев</p> <p>Редакциялық түзету.</p>	Қабылданды

		экспорт, импорт және транзит кезінде ерекше тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау кезіндегі кедендік бақылау; 8) ерекше тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде олардың экспортын, кері экспортын, импортын және транзитін бақылау арқылы жүзеге асырылады.	8) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуін бақылау арқылы жүзеге асырылады.».		
27.	7-баптың тақырыбы	7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше тауарларды бақылау саласындағы құзыреті	«ерекше тауарларды бақылау саласындағы» деген сөздер алып тасталсын;	Депутат А.С. Құспан Редакциялық түзету. 2-тараудың тақырыбында құзыреті қай салада белгіленгендігі айқындалған.	Қабылданды
28.	7-баптың 1) және 2) тармақшасы	7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше тауарларды бақылау саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі: 1) Қазақстан Республикасында ерекше тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді; 2) Қазақстан Республикасында ерекше тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік жүйені қалыптастырады;	1) тармақшадағы «Қазақстан Республикасында» деген сөздер алып тасталсын; 2) тармақша алып тасталсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциялық түзету. Заң жобасында «Қазақстан Республикасындағы ерекше тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік жүйе» ұғымы ашылмайды. Ол тек осы нормада қолданылады.	Қабылданды

29.	7-бап	<p>7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ерекше тауарларды бақылау саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:</p> <p>...</p> <p>5) ерекше тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуін бақылауды жүзеге асыру орындарының тізбесін бекітеді;</p> <p>6) оларға қатысты экспорт, эксаумақтық кері экспорт, импорт, транзит, эксаумақтық делдалдық қызмет немесе техникалық көмек көрсету жөнінде шектеулер енгізілетін мемлекеттер мен ұйымдардың тізбесін айқындайды;</p> <p>7) ерекше тауарлардың бақылау тізімін бекітеді.</p>	<p>5) тармақшадағы «ерекше тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>6) тармақша алып тасталсын;</p> <p>7) тармақшадағы «ерекше тауарлардың» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«7) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»:</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен ғана емес, басқа мемлекеттермен де жүргізіледі.</p> <p>Сондықтан мемлекеттік шекара арқылы нақты тауарлардың өткізілуі барлық елдермен мүмкін болатын барлық орындарды жалпы бекіту қажет.</p> <p>Заң жобасын кіріспеге, 1-баптың</p> <p>9) тармақшасына және 21-бапқа сәйкес келтіру.</p> <p>Қайталауды жою мақсатында.</p>	Қабылданды
30.	8-бап.	<p>8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде:</p> <p>1) ерекше тауарларды бақылау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;</p>	<p>Тақырыбындағы «Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті» деген сөздер «Уәкілетті» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>бірінші абзацтағы және 2) тармақшадағы «белгіленген құзыреті шегінде» деген сөздер алып тасталсын;</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Депутат А.С. Құспан</p> <p>Тақырыбы құзыреттілік қай салада белгіленгенін</p>	Қабылданды

		<p>2) белгіленген құзыреті шегінде экспортты, кері экспортты, эксаумақтық экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді бақылайды;</p>	<p>1) тармақшадағы «ерекше тауарларды бақылау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) осы Заңға сәйкес құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортын, транзитін, эксаумақтық кері экспортты, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді бақылайды;».</p>	<p>анықтайды.</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Мемлекеттік орган ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті орган бола отырып, мемлекеттік саясатты іске асыруға жай қатысып қана қоймай, оны қалыптастыруға да қатысуға тиіс. Өйткені, ол бақылауды жүзеге асырып қана қоймай, халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасауға және Қазақстанның мемлекеттік саясатына, мысалы, экспорттық бақылаудың халықаралық режимдері бөлігінде тиісті ұсыныстар енгізу мүмкіндігіне ие болуға тиіс.</p>	
31.	8-баптың 3) және 6) тармақшала ры	<p>8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>3) ерекше тауарларды бақылау саласында мынадай рұқсат беру құжаттарын:</p> <p>ерекше тауарлардың экспорты мен импортына лицензия;</p> <p>...</p>	<p>3) тармақша 6) тармақша болып көзделсін; тиісінше 6) тармақша 3) тармақша болып көзделсін;</p> <p>3) тармақшада:</p> <p>бірінші абзацтағы «ерекше тауарларды бақылау саласында мынадай рұқсат беру құжаттарын» деген сөздер «мыналарды:» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>екінші абзац «(өзіндік ерекшелігі</p>	<p>Депутат Қ.Т. Ержан</p> <p>Ең алдымен лицензиялау ережелерін, рұқсат беру Ережелерін бекіту керек. Содан кейін бекітілген ережелерге сәйкес лицензиялар мен рұқсаттарды беру.</p> <p>«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p>	Қабылданды

	<p>ерекше тауарларды бақылау саласында экзаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат;</p> <p>ерекше тауарлардың экзаумақтық кері экспортына рұқсат; ерекше тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға беруге рұқсат;</p> <p>Қазақстан Республикасының түпкілікті пайдаланушысының сертификаттарын;</p> <p>Қазақстан Республикасының халықаралық импорттау сертификаттарын;</p> <p>ерекше тауарларды идентификаттау туралы қорытындылар беруді жүзеге асырады;</p> <p>б) мыналарды: ерекше тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидаттарын, оларға қойылатын саралау талаптарын;</p> <p>кепілдік міндеттемені ресімдеу және беру қағидаларын (түпкілікті пайдаланушының сертификаты және халықаралық импорттық сертификат) және оларға қойылатын саралау талаптарын;</p> <p>ерекше тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидаларын және оған қойылатын саралау талаптарын;</p>	<p>бар тауарлар экспортына лицензия, қосарланған мақсаттағы тауарлар немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар экспортына жалпы лицензия, өзіндік ерекшелігі бар тауарлар импортына лицензия);» деген сөздермен толықтырылсын:</p> <p>төртінші абзацтағы «ерекше тауарларды бақылау саласында» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>бесінші абзацтағы «ерекше тауарлардың» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының аумағына импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кепілдік міндеттемелерін бері отырып импортталған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге рұқсат;»;</p>	<p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына сәйкес ерекше тауарлардың экспорты мен импортына лицензия үш түрге бөлінеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ерекше тауарлардың импортына лицензия; 2) ерекше тауарлар экспортына лицензия; 3) қос мақсаттағы тауарлар мен ұлттық қауіпсіздік пайымдаулары бойынша бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия. <p>11-баптың 2-тармағында «жалпы лицензия» ұғымы пайдаланылады, ал бұл ұғымның ашылуы негізгі заң жобасында жоқ.</p> <p>Заң жобасына сәйкес уәкілетті органның үшінші тұлғаларға беруге рұқсат алу туралы талабы импортталған ерекше тауарларға ғана қолданылады.</p> <p>Сонымен қатар, кепілдік міндеттемелерді ұсына</p>	
--	---	--	---	--

		<p>ерекше тауарлардың эксаумақтық кері экспортына рұқсат беру қағидаларын және оған қойылатын саралау талаптары;</p> <p>ерекше тауарларды бақылау мақсаттары үшін тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарын;</p> <p>эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттар беру қағидаларын, оларға қойылатын саралау талаптары және аумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын уәкілетті органның хабардар ету тәртібін;</p> <p>ерекше тауарларды идентификаттау жүргізу қағидаларын;</p> <p>ерекше тауарлармен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу қағидаларын;</p> <p>бәрін қамтитын бақылау өлшемшарттарын бекітеді;</p>		<p>отырып импортталған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге рұқсат беруді реттеу мақсатында.</p>	
32.	8-баптың 4) тармақшасы	<p>8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>4) шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ерекше</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;»;</p>	<p>Депутат А.С. Құспан</p> <p>Редакциясын нақтылау, өйткені уәкілетті орган қандай шаралар әзірлейтіні белгісіз. Сонымен қатар, 6-тарау «өзіндік ерекшелігі</p>	Қабылданды

		тауарларды бақылау саласында шаралар әзірлейді және ынтымақтастықты жүзеге асырады;		бар тауарларды бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастық» ешқандай шараларды көздемейді. Заң жобасын 6-тарауға сәйкес келтіру.	
33.	8-бап	8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде: ...	Мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын: «5) бақылау тізімін әзірлейді; 6) уәкілетті органның өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен ақпараттық өзара іс-қимылы тәртібін әзірлейді;»; <i>Кейінгі тармақшалардың нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i>	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Ерекше тауарларды бақылау тізімін әзірлеу бойынша уәкілетті органның құзыретін және уәкілетті органның өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен ақпараттық өзара іс-қимылын жүзеге асыру тәртібін бекіту мақсатында.	Қабылданды
34.	8-баптың 5) тармақшасы	8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде: ... 5) мәлімделген мақсаттарда импортталған ерекше тауарлардың түпкілікті пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;	Мынадай редакцияда жазылсын: «5) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасының 25-бабының жаңа редакциясына сәйкес келтіру.	Қабылданды

35.	8-баптың б) тармақшасы	<p>8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>б) мыналарды: ерекше тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру қағидаттарын, оларға қойылатын саралау талаптарын; кепілдік міндеттемені ресімдеу және беру қағидаларын (түпкілікті пайдаланушының сертификаты және халықаралық импорттық сертификат) және оларға қойылатын саралау талаптарын;</p> <p>ерекше тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидаларын және оған қойылатын саралау талаптарын; ерекше тауарлардың эксаумақтық кері экспортына рұқсат беру қағидаларын және оған қойылатын саралау талаптары; ерекше тауарларды бақылау мақсаттары үшін тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарын;</p>	<p>Бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«б) мыналарды:»; екінші абзацтағы «, оларға қойылатын саралау талаптарын» деген сөздер «және саралау талаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«Қазақстан Республикасының түпкілікті пайдаланушысының сертификатын және Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификатын ресімдеу және беру қағидаларын және біліктілік талаптарын;»; төртінші абзацтағы «оған қойылатын» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>бесінші абзацтағы «ерекше тауарлардың» және «оған қойылатын» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын;</p> <p>«Қазақстан Республикасының аумағына импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер бере отырып импортталған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге рұқсат беру қағидаларын және біліктілік талаптарын;»;</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Депутаттар А.С. Құспан, Б.М. Сартбаев</p> <p>Заң жобасының 1-бабының 11), 22) және 23) тармақшаларына сәйкес келтіру.</p> <p>Құзыретін нақтылау, оны заң жобасының 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 8-бабының 7) тармақшасы уәкілетті органның аумақтан тыс делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының Жеке және заңды тұлғаларының тізілімін жүргізуін көздейді.</p> <p>Бұл ретте, осы тізілімді қалыптастыру тәртібі регламенттелмеген (қандай өлшемшарттар, тізілімге енгізу немесе одан шығару үшін ақпаратты кім ұсынуға тиіс; тізілімді кім пайдаланушы болады).</p> <p>Заң жобасының 18-бабына түзетулерге сәйкес</p>	Қабылданды
-----	------------------------------	---	---	---	------------

		<p>эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттар беру қағидаларын, оларға қойылатын саралау талаптары және аумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын уәкілетті органның хабардар ету тәртібін;</p> <p>ерекше тауарларды идентификаттау жүргізу қағидаларын;</p> <p>бәрін қамтитын бақылау өлшемшарттарын бекітеді;</p> <p>эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттар беру қағидаларын, оларға қойылатын саралау талаптары және аумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын уәкілетті органның хабардар ету тәртібін;</p> <p>ерекше тауарлармен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу қағидаларын;</p>	<p>алтыншы абзацтағы «ерекше тауарларды бақылау мақсаттары үшін» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, эксумақтық кері экспортты, эксумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде және оларды қолдану тәртібін» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттар беру қағидаларын және біліктілік талаптарын, уәкілетті органның эксумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын хабардар ету және олардың тізімін жүргізу тәртібін;»;</p> <p>тоғызыншы абзацтағы «мәмілелердің» деген сөздің алдынан «сыртқы экономикалық» деген сөздермен толықтырылсын.</p>	<p>келтіру.</p> <p>Нақтылаушы түзетулер.</p>	
36.	8-баптың б) тармақшасы	8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті	Оныншы абзацтағы «өлшемшарттарын бекітеді» деген сөздер «өлшемшарттарын» деген	Депутат А.С. Құспан	Қабылданды

	ның жаңа он бірінші абзацы	Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде: ... б) мыналарды: Жоқ.	сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жаңа он бірінші абзацпен толықтырылсын: «өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмаішілік бақылау жүйесін құру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарды бекітеді;»;	Заң жобасының 17-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті орган жеке және заңды тұлғаларға фирмаішілік бақылау жүйесін құруға жәрдем көрсетеді және оларға ақпараттық-әдістемелік көмек көрсетеді. Осыған байланысты біз компанияішілік бақылау жүйесін құру және жүргізу бойынша ұсыныстарды бекітуді ұсынамыз.	
37.	8-бап	8-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласындағы уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган белгіленген құзыреті шегінде: ... 8) ерекше тауарларды бақылау саласындағы рұқсат беру құжаттарының қолданысын тоқтата тұрады және тоқтатады; 9) экспортты, эксаумақтық кері экспортты, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді бағалауды жүргізеді;	8) тармақшада: «және» деген сөз «немесе» деген сөзбен ауыстырылсын; «ерекше тауарларды бақылау саласындағы рұқсат беру құжаттарының» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы рұқсаттын» деген сөзбен ауыстырылсын; 9) тармақшадағы «экспортты» деген сөз «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты» деген сөздермен ауыстырылсын; 10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы. «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.	Қабылданды

		10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.	Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;		
38.	9-бап.	9-бап. Ерекше тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының құзыреті 1. Ерекше тауарларды бақылауды уәкілетті орган, сондай-ақ ерекше тауарларды бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Заңда белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.	1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары: 1) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады; 2) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асырады.»;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң техникасы. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 9-тармағына сәйкес келтіру, оған сәйкес баптың тақырыбы баптың мазмұнына сәйкес келуге тиіс. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асыра отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруға да қатысуға тиіс.	Қабылданды
39.	9-баптың 2-тармағы	9-бап. Ерекше тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының құзыреті ...	2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: 2. Мемлекеттік кірістер органдары:	Депутат Қ.Т. Ержан Заң жобасының	Қабылданды

		2. Ерекше тауарлардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуін бақылауды мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.	<p>1) осы Заңға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады;</p> <p>2) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуіне кедендік бақылауды жүзеге асырады;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру орындарының тізбесін әзірлейді.»;</p>	7-бабында Үкіметтің өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуіне бақылауды жүзеге асыру орындарының тізбесін бекіту жөніндегі құзыреті көзделеді. Ал заң жобасында осы тізбені әзірлейтін мемлекеттік орган көрсетілмейді. Редакциясын нақтылау.	
40.	3-тараудың тақырыбы	3-тарау. Ерекше тауарларды бақылау әдістері	Мынадай редакцияда жазылсын: «3-тарау. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау»;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау.	Қабылданды
41.	10-бап	10-бап. Идентификаттау	Мынадай редакцияда жазылсын: «10-бап. Өзіндік ерекшелігі бар	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік	Қабылданды

	<p>Экспортты, кері экспортты, импортты, транзитті жүзеге асыруға не тауарларға (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологиялар) қатысты эксаумақтық делдалдық қызметтер, техникалық көмек көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары оларды идентификаттауды жүргізуге міндетті.</p> <p>Тауарларға (оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету және технологиялар) қатысты транзитті жүзеге асыруға ниет білдірген шетелдік тұлғалар оларды идентификаттауды жүргізуге міндетті.</p> <p>Бір мәнді идентификаттау мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, шетелдік тұлғалар идентификаттау қорытындысын алу үшін уәкілетті органға жүгінеді.</p> <p>Идентификаттауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен бірлесіп бақылау тізіміне сәйкес жүргізеді.</p>	<p>тауарларды сәйкестендіру</p> <p>1. Экспортты, кері экспортты, импортты, транзитті жүзеге асыруға не тауарларға (оның ішінде бағдарламалық қамтылым мен технологиялар) қатысты аумақтан тыс делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары бақылау тізіміне сәйкес оларды сәйкестендіруді жүргізуге міндетті.</p> <p>Тауарларға (оның ішінде бағдарламалық қамтылым мен технологиялар) қатысты транзитті жүзеге асыруға ниет білдірген шетелдік тұлғалар бақылау тізіміне сәйкес оларды сәйкестендіруді жүргізуге міндетті.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, шетелдік тұлғалар бір мағыналы сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды алу үшін уәкілетті органға жүгінеді.</p> <p>Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіру туралы қорытынды уәкілетті орган жүргізетін сәйкестендіру нәтижелері бойынша беріледі.</p> <p>Арнайы білім мен дағдыларды</p>	<p>комитеті</p> <p>Тақырыпқа заң жобасының 6-бабының 1) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында толықтыру енгізілді.</p> <p>Бапты тармақтарға бөлуді ұсынамыз, бірінші тармақ ҚР заңды тұлғаларының және шетелдік тұлғалардың сәйкестендіруді жүргізуін көздейді. Екінші тармақ-уәкілетті органның сәйкестендіруді жүргізуі.</p> <p>Сондай-ақ, ҚР заңды тұлғалары және шетелдік тұлғалар да сәйкестендіруді жүргізуін ұсынамыз.</p> <p>Заң жобасының мәтінін баяндаудың біртұтастығы мақсатында заң жобасын 8-баптың 3) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Мемлекеттік органдардан басқа, уәкілетті орган үшін арнайы білімі мен дағдысы бар ұйымдар мен мамандарды тарту мүмкіндігін көздеу орынды деп санаймыз.</p>	
--	--	---	--	--

			талап ететін мәселелерді зерттеу және консультациялар алу үшін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарды, сарапшыларды және мамандарды өзіндік ерекшелігі бар тауарларды сәйкестендіруге тартуға құқылы.».		
42.	11-баптың тақырыбы және 1-тармағы	11-бап. Экспорт 1. Ерекше тауарлардың экспортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары лицензия негізінде жүзеге асырады.	Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «11-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын бақылау»; 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, ерекше тауарлардың экспортына лицензия немесе қосарланған мақсаттағы тауарлар немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия негізінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жүзеге асырады. Бұрын импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кепілдігі бойынша жөндеуге,	Депутаттар Қ.Т. Ержан Д.М. Еспаева Редакциясын нақтылау. Заң жобасының 8-бабына түзетулер қабылдануына байланысты. Экспортты бақылау тетігін тарату және Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес бұрын импортталған ерекше тауарлардың кепілдігі бойынша жөндеуге, жаңғыртуға, қайта өңдеуге, ауыстыруға не қайтаруға арналған экспорт.	Қабылданды

			жаңғыртуға, қайта өңдеуге, ауыстыруға не қайтаруға арналған өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын кепілдік міндеттемесін ұсынбай, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензияның негізінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жүзеге асырады.».		
43.	11-баптың 2-тармағы	11-бап. Экспорт ... 2. Қосарланған мақсаттағы тауарлар мен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бақыланатын тауарлардың (ядролық және арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, технологияларды, иондаушы сәулелену көздерін, қосарланған мақсаттағы жабдықтарды және тиісті тауарлар мен технологияларды, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) экспортын жеке және заңды тұлғалары жалпы лицензия негізінде, онда бірнеше елді, импорттаушыларды және (немесе) соңғы пайдаланушыларды көрсете отырып, жүзеге асыра алады.	2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Қосарланған мақсаттағы тауарлардың (ядролық материалдарды және арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, технологияларды, иондандырушы сәулелену көздерін, олардың өндірісімен байланысты жабдықтар мен тиісті тауарларды және қосарланған мақсаттағы технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары қосарланған мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау. Ядролық материалдар және арнайы ядролық емес материалдар, жабдық, қондырғылар, технологиялар, тауарлар, жұмыстар және атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметке байланысты көрсетілетін қызметтер қосарланған мақсаттағы тауарларға жатады. «Жалпы лицензия»ұғымын ашу. Заң жобасының 1-бабының 21) тармақшасына сәйкес кепілдік міндеттемені алушы	Қабылданды

			<p>экспортына жалпы лицензия негізінде, онда бірнеше шет мемлекеттерді, импорттаушыларды және (немесе) түпкілікті пайдаланушыларды көрсете отырып жүзеге асыра алады.</p> <p>Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлардың экспортын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары қосарланған мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензия негізінде уәкілетті органға қосарланған мақсаттағы тауарлардың немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына жалпы лицензияларды орындау жөніндегі құжаттарды уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде және тәртіппен ұсынуға міндетті.»;</p>	ел береді.	
44.	11-баптың 3-тармағы	<p>11-бап. Экспорт</p> <p>..</p> <p>3. Ерекше тауарлардың экспорты кепілдік берілген міндеттемені қамтитын шет мемлекеттің құзыретті органы берген құжат болған кезде жүзеге асырылады.</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, алушы елдің құзыретті органы берген кепілдік міндеттеме болған кезде жүзеге</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті,</p> <p>Депутат</p> <p>Ғ.А. Елеуов</p> <p>Редакциясын нақтылау. Осы норманың бірінші</p>	Қабылданды

		<p>Уәкілетті орган импорттаушы елдің кепілдік берілген міндеттемелерін қамтитын табыс етілген құжаттың түпнұсқалығын айқындауға құқылы.</p>	<p>асырылады. Уәкілетті орган айқындаған жағдайларда, уәкілетті орган алушы елдің кепілдік міндеттемесінің түпнұсқалығын айқындайды.».</p>	<p>бөлігіне сәйкес ерекше тауарлардың экспорты шет мемлекеттің құзыретті органы берген кепілдік міндеттемесі бар құжат болған кезде жүзеге асырылады.</p> <p>Заң жобасының 1 - бабы 21) тармақшасына сәйкес кепілдік міндеттеме-импортталатын ерекше тауарларды мәлімделген (бейбіт) мақсаттарда пайдалану және оларды экспорттаушы елдің құзыретті органының рұқсатынсыз үшінші елдерге эксаумақтық кері экспорттауға жол бермеу туралы алушы елдің құзыретті органы берген ресми куәландыру.</p> <p>Осылайша, ұсынылып отырған норма құзыретті орган берген ресми құжаттың түпнұсқалығын тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, заң жобасында мұндай тексеруді жүргізудің негіздері, сондай-ақ оны жүргізу қорытындылары бойынша құқықтық салдарлар айқындалмаған.</p>	
--	--	--	---	---	--

45.	11-баптың 4-тармағы	<p>11-бап. Экспорт .. 4. Қазақстан Республикасы ұлттық контингентінің жұмыс істеуі немесе бітімгершілік даярлығын өткізу үшін қажетті әскери мақсаттағы тауарлардың экспорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, қорғаныс саласындағы уәкілетті орган беретін әскери рұқсатнама негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау, сондай-ақ оқу-жаттығуларға, байқауларға, конкурстарға, көрмелерге, парадтарға, жарыстарға, демонстрациялық іс-шараларға, сынақтарға қатысуға арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери мақсаттағы тауарларының экспорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбе негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының аумағында қорғаныс өнеркәсібі және</p>	<p>Бірінші бөлікте: «Қазақстан Республикасы ұлттық контингентінің» деген сөздердің алдынан «Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі» деген сөздермен толықтырылсын; «бітімгершілік даярлығын өткізу» деген сөздер «бітімгершілік операциясына даярлықты жүргізу» деген сөздермен ауыстырылсын; «қорғаныс саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі» деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі «Мемлекеттің» деген сөз «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші бөлік алып тасталсын;</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті. Депутат Қ.Т. Ержан</p> <p>Заң жобасының мәтінін бірізді жазу мақсатында. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Үшінші бөлік осы баптың реттеу нысанасы болып табылмайды.</p> <p>Осыған байланысты оны кері экспорт пен эксаумақтық кері экспортты реттейтін заң жобасының 16-бабында қарастыруды ұсынамыз.</p>	Қабылданды
-----	------------------------	--	---	---	------------

		<p>мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган ұйымдастыратын оқу-жаттығулар, байқаулар, конкурстар, көрмелер, сынақтар, парадтар, демонстрациялық іс-шаралар өткізу кезінде қатысуға қажетті шетелдік мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға тиесілі әскери мақсаттағы тауарлардың кері экспорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбе негізінде жүзеге асырылады.</p>			
46.	11-баптың 5-тармағы	<p>11-бап. Экспорт ... 5. Көрмелерде көрсетуге арналған ерекше тауарлардың, сынақтар, зерттеулер (сертификаттау) жүргізуге арналған шикізат үлгілерінің не өнеркәсіптік ерекше тауарлардың экспорты осы шикізатқа не коммерциялық құндылығы жоқ өнеркәсіптік ерекше тауарларға ықтимал сұранысты айқындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды орындау үшін халықаралық ұйымдардың</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «5. Көрмелерде көрсету, сынақтар, зерттеулер (сертификаттау) жүргізу, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың инспекторлары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды орындау үшін іріктеп алатын сынамалар үлгілерін көрсету үшін қосарланған мақсаттағы тауарлардың (ядролық материалдарды және арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, технологияларды, иондандырушы сәулелену көздерін, олардың</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Лицензиясыз қосарланған мақсаттағы тауарлар мен ұлттық қауіпсіздік мүддесінде бақыланатын тауарлар экспорты ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау шараларын нақтылау.</p>	Қабылданды

		инспекторлары іріктеп алатын сынамалар үлгілерінің импорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.	өндірісімен байланысты жабдықтар мен тиісті тауарларды және қосарланған мақсаттағы технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспорты осы тауарлар үшінші тұлғаларға немесе үшінші елдерге құқық иелігіне берілмейтін шартпен өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензиясыз жүзеге асырылады.»;		
47.	11-баптың 6-тармағы	11-бап. Экспорт ... 6. Уәкілетті орган ерекше тауарлардың экспорты жасалуына қойылатын шарттарға өзге де талаптар белгілеуге құқылы.	Алып тасталсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Кәсіпкерлердің құқықтарын шектеуге жол бермеу мақсатында. Ерекше тауарлардың экспорты жасалатын шарттарға қойылатын барлық талаптар заңда жазылуға тиіс. Кәсіпкерлік кодекстің 2-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызмет тек қана Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелуі мүмкін.	Қабылданды

				«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензиялар беруден бас тарту үшін барлық қосымша негіздер «Экспорттық бақылау туралы» ҚРЗ-да белгіленеді.	
48.	11-баптың жаңа 7-тармағы	11-бап. Экспорт ... Жоқ.	Мынадай мазмұндағы жаңа 7-тармақпен толықтырылсын: «7. Экспортталатын өзіндік ерекшелігі бар тауарларды өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына арналған лицензияда, қосарланған мақсаттағы тауарлар немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың экспортына арналған жалпы лицензияда көрсетілмеген басқа түпкілікті пайдаланушыға қайта бағыттауға тыйым салынады.»	Депутат Қ.Т. Ержан 12-баптың 5-тармағында көзделген талапты өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты жөніндегі операцияларға да қолдану.	Қабылданды
49.	12-баптың тақырыбы және 1-тармағы	12-бап. Импорт 1. Ерекше тауарлардың импортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары лицензия негізінде жүзеге асырады.	Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «12-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына бақылау»; 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Өзіндік ерекшелігі бар	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасының 8-бабының 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес	Қабылданды

			<p>тауарлардың импортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия негізінде жүзеге асырады.</p> <p>Бұрын жөндеу, жаңғырту, қайта өңдеу, ауыстыру не кепілдік бойынша қайтару үшін экспортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензиясыз жүзеге асырады.».</p>	<p>келтіру.</p> <p>Редакциясын нақтылау. Заң жобасының 8-бабына түзетулер қабылдануына байланысты.</p> <p>Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес бұрын импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кепілдігі бойынша жөндеуге, жаңғыртуға, қайта өңдеуге, ауыстыруға не қайтаруға және импортты бақылау тетігін қолдану.</p>	
50.	12-баптың 2-тармағы	<p>12-бап. Импорт</p> <p>...</p> <p>2. Қазақстан Республикасының аумағында импортталған ерекше тауарларды соңғы пайдаланушыдан немесе импорттаушыдан үшінші адамдарға беру уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.</p>	<p>«уәкілетті органның» деген сөздер «импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемелерін бере отырып импортталған тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға беру» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Редакциясын нақтылау. Кепілдік міндеттемелерді бере отырып импортталған тауарларды үшінші тұлғаларға беруге рұқсат беруді регламенттеу мақсатында.</p>	Қабылданды
51.	12-баптың 3-тармағы	<p>12-бап. Импорт</p> <p>...</p> <p>3. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлердегі Қазақстан Республикасы ұлттық контингентінің жұмыс істеуі немесе</p>	<p>Бірінші бөлікте:</p> <p>«бітімгершілік даярлығын жүргізу» деген сөздер «бітімгершілік операциясына даярлықты жүргізу» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«қорғаныс саласындағы</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат Б.М. Сартбаев</p> <p>«Қазақстан</p>	Қабылданды

	<p>бітімгершілік даярлығын жүргізу үшін қажетті әскери мақсаттағы бұрын экспортталған тауарлардың импорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай қорғаныс саласындағы уәкілетті орган беретін әскери рұқсатнамалар негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін орындау, сондай-ақ оқу-жаттығуларға, байқауларға, конкурстарға, көрмелерге, парадтарға, жарыстарға, демонстрациялық іс-шараларға, сынақтарға қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери мақсаттағы бұрын экспортталған тауарларының импорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбе негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының аумағында қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган ұйымдастыратын оқу-жаттығулар, байқаулар, конкурстар, көрмелер,</p>	<p>уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>екінші бөліктегі «Мемлекеттің» деген сөз «Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>үшінші бөлікте: орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;</p> <p>«сынақтар, парадтар, демонстрациялық іс-шаралар» деген сөздер «парадтар, жарыстар, демонстрациялық іс-шаралар, сынақтар» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«шетелдік мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға» деген сөздер «шет мемлекеттің мемлекеттік органдарына немесе шет мемлекеттің ұйымдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«экспорттық бақылау шаралары» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау шаралары» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p>Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Арнаулы мемлекеттік органдар оқу-жаттығуларға, байқауларға, конкурстарға, көрмелерге, шерулерге, жарыстарға, көрсету іс-шараларына, сынақтарға да қатыса алады.</p> <p>Мысалы, 2010 жылғы 8 сәуірде Қазақстан Республикасы ратификациялаған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы келісімге сәйкес қабылдаушы Тарап оқу-жаттығуларды өткізу ауданын айқындайды және оқу-жаттығуларға қатысушылардың келуі, жүріп-тұруы және кетуі, өз аумағы бойынша қамтамасыз етудің арнайы құралдары мен материалдарының орын ауыстыруы, мемлекеттік шекараны кесіп өтуі (кедендік және шекаралық</p>	
--	---	--	---	--

		<p>сынақтар, парадтар, демонстрациялық іс-шаралар өткізу кезінде қатысуға қажетті шетелдік мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға тиесілі әскери мақсаттағы тауарлар импорты экспорттық бақылау шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбе негізінде жүзеге асырылады.</p>		<p>рәсімдерден өтуді қоса алғанда) үшін жағдай жасайды.</p> <p>Келісімге сәйкес арнайы құралдар деп қамтамасыз ету құралдары мен материалдары - терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларды өткізу барысында қолданылатын қару-жарақ пен әскери техника, қару мен оқ-дәрілер, жабдықтар, байланыс құралдары, терроризмге қарсы арнайы құралымдардың жарақтары, техникалық, көлік және өзге де арнайы құралдар мен материалдар түсініледі.</p> <p>«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының мәтінін бірізді жазу мақсатында. «Жарыс» сияқты іс-шара жоқ.</p> <p>Заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келтіру.</p>	
52.	12-баптың 4-тармағы	12-бап. Импорт ...	Мынадай редакцияда жазылсын: «4. Көрмелерде көрсету,	Депутат Қ.Т. Ержан	Қабылданды

		<p>4. Көрмелерде көрсетуге арналған ерекше тауарлардың, сынақтар, зерттеулер (сертификатау) жүргізуге арналған шикізат үлгілерің не өнеркәсіптік ерекше тауарлардың импорты осы шикізатқа не коммерциялық құндылығы жоқ өнеркәсіптік ерекше тауарларға ықтимал сұранысты айқындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды орындау үшін халықаралық ұйымдардың инспекторлары іріктеп алатын сынамалар үлгілерінің импорты ерекше тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.</p>	<p>сынақтар, зерттеулер (сертификаттау) жүргізу үшін қосарланған мақсаттағы тауарлардың (ядролық материалдарды және арнайы ядролық емес материалдарды, жабдықтарды, қондырғыларды, технологияларды, иондандырушы сәулелену көздерін, олардың өндірісімен байланысты жабдықтар мен тиісті тауарларды және қосарланған мақсаттағы технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың импорты осы тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға құқық иелігіне берілмейтін шартпен өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензиясыз жүзеге асырылады.</p> <p>Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлардың импортын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген күннен бастап он екі айдан аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге міндетті.».</p>	<p>Лицензиясыз қосарланған мақсаттағы тауарлар мен ұлттық қауіпсіздік мүддесінде бақыланатын тауарлар импорты ғана жүзеге асырылуы мүмкін.</p> <p>Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау шараларын нақтылау.</p> <p>Импортталған тауарларды қайтару міндетін белгілеу.</p>	
--	--	--	---	---	--

53.	12-баптың 5-тармағы	<p>12-бап. Импорт ...</p> <p>5. Ерекше тауарлар импортын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары импортталатын ерекше тауарларды ерекше тауарлар импортына берілген лицензияда және (немесе) Қазақстан Республикасының соңғы пайдаланушысының сертификатында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификатында көрсетілген түпкілікті пайдалану орнына дейін жеткізу үшін толық және жеке-дара жауапты болады.</p> <p>Импортталатын ерекше тауарларды ерекше тауарлардың импортына лицензияда және (немесе) Қазақстан Республикасының түпкі пайдаланушысының сертификатында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификатында көрсетілген орыннан өзгеше түпкілікті пайдаланылатын өзге жерге қайта жіберуге тыйым салынады.</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«5. Импортталатын өзіндік ерекшелігі бар тауарлар уәкілетті орган берген өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензияда және Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемесінде көрсетілген түпкілікті пайдаланушыға дейін жеткізілуге тиіс.</p> <p>Импортталатын өзіндік ерекшелігі бар тауарларды уәкілетті орган берген өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензияда және (немесе) Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемесінде көрсетілмеген басқа түпкілікті пайдаланушыға қайта жіберуге тыйым салынады.».</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>Ұсынылып отырған редакция делдалдарды ескермейді, сәйкесінше барлық жағдайда ерекше тауарлар импортын жүзеге асыратын ҚР жеке және заңды тұлғалары бұл талапты орындай алмайды.</p> <p>Заң жобасының 36-бабы ерекше тауарларды бақылау саласындағы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді.</p> <p>Заң жобасында «түпкілікті пайдалану орны» термині қолданылмайды.</p> <p>Редакциясын нақтылау, ҚР түпкілікті пайдаланушы сертификаты және ҚР халықаралық импорттық сертификаты кепілдік міндеттеменің түрлері болып табылады.</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 24-бабының 3-тармағына сәйкес</p>	Қабылданды

			<p>нормативтік құқықтық актінің ережелері нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p> <p>Осы тармақ редакциясының мағынасынан талап етілетін ақпарат лицензияда немесе кепілдік міндеттемелердің бірінде нақты қай жерде көрсетілуі тиіс екені анық емес.</p> <p>Сонымен қатар, мысалы, қолданыстағы заңнамаға сәйкес түпкілікті пайдаланушы ерекше тауарлардың импортына арналған лицензияда да <i>(Өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау қағидасы)</i>, сондай-ақ түпкілікті пайдаланушының сертификатында да <i>(Кепілдік міндеттемелерді (түпкілікті пайдаланушылардың сертификаттарын) ресімдеу қағидасы</i> көрсетіледі.</p> <p>Осы заң жобасында ерекше тауарларды бақылау саласындағы құқықтық қатынастар реттелетінін</p>
--	--	--	--

				ескере отырып, құқықтық айқындылық мақсатында, сондай-ақ оларды іске асыру кезінде ықтимал проблемаларды болдырмау және бір мезгілде қолдану практикасына сәйкес келтіру үшін осындай тұжырымдардың санын азайту қажет.	
54.	12-баптың 6-тармағы	12-бап. Импорт ... 6. Импортталған ерекше тауарлардың түпкілікті пайдаланушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары мұндай тауарларды мәлімдемеген мақсаттарда пайдаланғаны үшін, сондай-ақ осындай тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға бергені үшін және олардың Қазақстан Республикасынан уәкілетті органның рұқсатынсыз кері экспорты үшін толық және жеке-дара жауапты болады.	Мынадай редакцияда жазылсын: : «6. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемелерін бере отырып импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды мәлімделген мақсаттардан өзге де пайдалануға, сондай-ақ оларды экспорттаушы елдің және (немесе) шығарылған елдің құзыретті органының рұқсатынсыз Қазақстан Республикасынан кері экспорттауға тыйым салынады.».	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат Б. М. Сартбаев Заң жобасының 36-бабы ерекше тауарларды бақылау саласындағы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді.	Қабылданды
55.	12-баптың 7-тармағы	12-бап. Импорт ... 7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында белгіленген талаптарды бұзғаны үшін	Алып тасталсын.	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат Б. М. Сартбаев	Қабылданды

		Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.		Осы баптың 5 және 6-тармақтарымен қайталануды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жауапты болады деп көзделген.	
56.	13-бап	13-бап. Транзит 1. Ерекше тауарлардың транзитін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары және шетелдік тұлғалар рұқсат негізінде жүзеге асырады. 2. Қазақстан Республикасының аумағында транзитпен өткізілетін ерекше тауарларды қайта тиеу шарттары транзитке берілген рұқсатта көрсетіледі. Қазақстан Республикасының аумағында қайта тиеу туралы ақпаратты уәкілетті органға Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары мен шетелдік тұлғалар транзитке рұқсат алуға өтініш жасаған кезде беріледі.	Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «13-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитін бақылау»; 1-тармақтағы « рұқсат » деген сөз « өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат » деген сөздермен ауыстырылсын; 2-тармақтағы « транзитке » деген сөз « өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне » деген сөздермен ауыстырылсын;	Депутат М.Т. Ерман Редакциясын нақтылау. Рұқсаттың толық атауын жазу мақсатында.	Қабылданды
57.	14-бап	14-бап. Эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету 1. Эксаумақтық делдалдық қызмет көрсетуге ниеттенген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес	Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «14-бап. Эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге бақылау»; 1-тармақ алып тасталсын;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциясын нақтылау. Рұқсаттың толық атауын нақтылау.	Қабылданды

	<p>осындай қызмет көрсетуге рұқсат алуға міндетті.</p> <p>2. Әскери мақсаттағы тауарлар бойынша экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсету уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>3. Қосарланған мақсаттағы тауарлар бойынша экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсету уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде мынадай жағдайларға, егер:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларын Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау жүйесін уәкілетті органы немесе өзге де мемлекеттік органы экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсету нәтижелері 24-баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы хабардар еткенде;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсету нәтижелері 24-баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін деп пайымдауға негізі болғанда жүзеге асырылады.</p>	<p>2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Әскери мақсаттағы тауарлар бойынша экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге рұқсат алуға міндетті.»;</p> <p>3-тармақта:</p> <p>бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Қосарланған мақсаттағы тауарлар бойынша экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары мынадай жағдайлардың бірінде экзаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге рұқсат алуға міндетті:»;</p> <p>1) тармақшада:</p> <p>«Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау жүйесін уәкілетті органы немесе өзге де мемлекеттік органы» деген сөздер «уәкілетті орган немесе өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау жүйесінің өзге де мемлекеттік органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>«24-баптың» деген сөз «осы</p>	<p>Заң жобасының 1-бабының 8) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң техникасы.</p>	
--	---	---	--	--

			<p>Заңның 24-бабының» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>2) тармақшадағы «24-баптың» деген сөз «осы Заңның 24-бабының» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>		
58.	15-бап	<p>15-бап. Техникалық көмек</p> <p>1. Техникалық көмек көрсетуге ниеттенген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес осындай көмек көрсетуге рұқсат алуға міндетті.</p> <p>2. Әскери мақсаттағы тауарлар бойынша техникалық көмек көрсету уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>3. Қосарланған мақсаттағы тауарларға байланысты техникалық көмек көрсету, уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде мынадай жағдайларға, егер:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының және заңды тұлғаларын Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау жүйесінің уәкілетті органы немесе өзге де мемлекеттік органы техникалық көмек көрсету нәтижелері 24-баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы хабардар еткенде;</p>	<p>Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«15-бап. Техникалық көмек көрсетуге бақылау»;</p> <p>1-тармақ алып тасталсын;</p> <p>2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Әскери мақсаттағы тауарлар бойынша техникалық көмек көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары техникалық көмек көрсетуге рұқсат алуға міндетті.»;</p> <p>3-тармақта:</p> <p>бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Қосарланған мақсаттағы тауарларға байланысты техникалық көмек көрсетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары мынадай жағдайлардың бірінде:»;</p> <p>1) және 2) тармақшалардағы «24-баптың» деген сөз «осы Заңның</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Редакциясын нақтылау. Қайталауды болғызбау. Рұқсаттың толық атауын нақтылау. Заң техникасы.</p>	Қабылданды

		2) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының техникалық көмек көрсету нәтижелері 24-баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін деп есептеуге негіз болғанда жүзеге асырылады.	24-бабының» деген сөздермен ауыстырылсын;		
59.	16-бап	<p>16-бап. Кері экспорт және эксаумақтық кері экспорт</p> <p>1. Ерекше тауарлардың эксаумақтық кері экспорты осы Заңға және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар саласындағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының аумағына импортталған ерекше тауарлардың кері экспорты шыққан елдің құзыретті органының рұқсаты бойынша және ерекше тауарлар экспортын лицензиялау тәртібімен жүзеге асырылады.</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«16-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кері экспортына және эксаумақтық кері экспортқа бақылау</p> <p>1. Қазақстан Республикасының аумағына кепілдік міндеттемелер беріле отырып импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кері экспортын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары экспорттаушы елдің және (немесе) шығарылған елдің құзыретті органының рұқсатының және өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына лицензия негізінде жүзеге асырады.</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Депутат</p> <p>Қ.Т. Ержан</p> <p>Заң техникасы. «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 23-бабының 9-тармағына сәйкес келтіру, оған сәйкес баптың тақырыбы баптың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.</p> <p>Тармақтардың нөмірленуі өзгертілді, 1-тармақ 2-тармақ болып саналсын, 2-тармақ 1-тармақ болып саналсын.</p> <p>Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау әдістерін реттейтін басқа баптарда мұндай сілтеме пайдаланылмайды, бірақ оларда рұқсатты Заңға және Қазақстан Республикасының</p>	Қабылданды

			<p>саласындағы уәкілетті орган ұйымдастыратын оқу-жаттығулар, байқаулар, конкурстар, көрмелер, парадтар, жарыстар, демонстрациялық іс-шаралар, сынақтар өткізу кезінде тартуға қажетті, шет мемлекеттің мемлекеттік органдарына немесе ұйымдарына тиесілі әскери мақсаттағы тауарлардың кері экспорты өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау шаралары қолданылмай, Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының бірінші басшысы бекітетін тізбе негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>2. Эксаумақтық кері экспортты шетелдік тұлғалар эксаумақтық кері экспортқа рұқсат негізінде жүзеге асырылады.»;</p>	<p>Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган береді.</p> <p>Кепілдік міндеттемелерді бере отырып, Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлардың редакциясын нақтылау.</p> <p>Нормалардың бір бөлігі «Экспорт» деген 11-баптан көшірілді.</p> <p>«Жарыс» сияқты іс-шарамен толықтырылды.</p> <p>«Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p>	
60.	17-бап	<p>17-бап. Ерекше тауарларды фирмаішілік бақылау жүйесі</p> <p>1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ерекше тауарлардың экспортын бақылау қағидаларының орындалуын қамтамасыз ету, көрсетілген саладағы құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында уәкілетті</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«17-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды фирмаішілік бақылау жүйесі</p> <p>Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйелерін құру Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздігін қолдау саласында мемлекеттік мұқтаждарды</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Заң жобасы нормаларының қайталануын болдырмау, осылайша ерекше тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйесін құру мақсаттары 1-баптың 15)</p>	Қабылданды

		<p>орган фирмаішілік бақылау бағдарламаларын жасауға жәрдемдеседі және қажетті ақпараттық-әдістемелік көмек көрсетеді.</p> <p>2. Фирмаішілік жүйелерді құру мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қолдау саласында мемлекеттік мұқтаждарды қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми және (немесе) өндірістік қызметті жүзеге асыратын және ерекше тауарлармен сыртқы экономикалық операциялардан жүйелі түрде табысталатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін міндетті болып табылады.</p>	<p>қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми, ғылыми-техникалық немесе өндірістік қызметті жүзеге асыратын және өзіндік ерекшелігі бар тауарлармен сыртқы экономикалық мәмілелерден жүйелі түрде табыс алатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін міндетті болып табылады.</p> <p>Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың фирмаішілік жүйелерін құруға жәрдемдеседі және оларға қажетті ақпараттық-әдістемелік көмек көрсетеді.».</p>	<p>тармақшасында көзделген. Заң жобасында «фирмаішілік бағдарламалар» емес, «фирмаішілік жүйелер» көзделеді.</p> <p>Редакциялық түзетулер.</p>	
61.	18-бап	<p>18-бап. Ерекше тауарлармен жасалатын мәмілелерді есепке алу</p> <p>1. Экспортты, кері импортты, транзитті және эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары уәкілетті орган айқындалған тәртіпке сәйкес ерекше тауарлармен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізуге міндетті.</p> <p>2. Ерекше тауарлармен жасалған мәмілерге қатысты құжаттар</p>	<p>Тақырыбы «мәмілелерді» деген сөздің алдынан «сыртқы экономикалық» деген сөздермен толықтырылсын;</p> <p>1-тармақта: «Экспортты, кері импортты, транзитті» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, кері экспорты, транзиті» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>2-тармақта: «мәмілелерге» деген сөздің алдынан «сыртқы экономикалық» деген сөздермен толықтырылсын;</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Заң жобасының мәтінін бірізді жазу мақсатында.</p>	Қабылданды

		олардың экспорты, кері импорты, импорты, транзитіне эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету немесе техникалық көмек көрсету жүзеге асырылған кезден бастап бес жыл ішінде егер Қазақстан Республикасының заңдарында неғұрлым ұзақ сақтау мерзімі белгіленбесе, сақталуы тиіс.	«олардың экспорты, кері импорты, импорты, транзиті» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, кері импортына, импортына, транзитіне» деген сөздермен ауыстырылсын;		
62.	19-бап	19-бап. Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға қатысты кепілдік міндеттемелер Экспорттаушы елдің құзыретті органының талабы бойынша құзыретті орган Қазақстан Республикасының түпкілікті пайдаланушысының сертификаты немесе Қазақстан Республикасының халықаралық импорттық сертификаты түрінде кепілдік міндеттеме береді.	«Экспорттаушы елдің» деген сөздер «Экспорттаушы елдің және (немесе) шығарылған елдің» деген сөздермен ауыстырылсын;	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Редакциялық түзету.	Қабылданды
63.	20-бап	20-бап. Экспортты, эксаумақтық кері экспортты, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асырудың рұқсат беру тәртібі Экспортты, эксаумақтық кері экспортты, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек	Тақырыбындағы «Экспортты, эксаумақтық кері экспортты» деген сөздер «Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, эксаумақтық кері экспортты» деген сөздермен ауыстырылсын; «Экспортты, эксаумақтық кері экспортты» деген сөздер «Өзіндік	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Заң жобасының мәтінін бірізді жазу мақсатында. Заң жобасының 1-бабының 8) тармақшасына	Қабылданды

		көрсетуді жүзеге асыруға рұқсатты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде жүргізілетін тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде береді.	ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, эксаумақтық кері экспорты» деген сөздермен ауыстырылсын; «Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды» деген сөздер «өзіндік ерекшелігі бар тауарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;	сәйкес келтіру.	
64.	21-бап	21-бап. Экспортқа, эксаумақтық кері экспортқа, импортқа, транзитке, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге шектеу қою 1. Қазақстан Республикасының экспорт, кері экспорт, эксаумақтық кері экспорт, импорт, транзит, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету бойынша, шет мемлекеттер Қазақстан Республикасы алдында қабылданған міндеттемелерді бұзған жағдайда, оларға қатысты эмбаргоға дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша шектеулер енгізуге құқығы бар.	Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «21-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, кері экспортын, импортын, транзитін, эксаумақтық кері экспортын, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді шектеу»; 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасы алдында қабылдаған міндеттемелерін бұзған жағдайда, оларға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, кері экспорты, импорты, транзиті, эксаумақтық кері экспорты, эксаумақтық	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат А.С. Құспан Заң жобасының 7-бабының б) тармақшасына енгізілген түзетуге сәйкес келтіру. «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 23-бабының 9-тармағына сәйкес, баптың тақырыбы баптың өзін реттеу мәнін көрсетуі тиіс.	Қабылданды

			делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету бойынша шектеулер енгізуге, тіпті эмбаргоға дейін құқығы бар.».		
65.	21-баптың 2-тармағы	<p>21-бап. Экспортқа, эксаумақтық кері экспортқа, импортқа, транзитке, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге шектеу қою</p> <p>...</p> <p>2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысын орындауды негізге ала отырып, экспортқа, эксаумақтық кері экспортқа, импортқа, транзитке, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге шектеулер енгізілетін мемлекеттердің және ұйымдардың тізбесін айқындайды және Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының назарына жекелеген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты санкциялар туралы ақпаратты жыл сайын жариялайды.</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделерін, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау қажеттілігін негізге ала отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, эксаумақтық кері экспорты, импорты, транзиті, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсету бойынша шектеулер енгізілетін шет мемлекеттердің, жеке және заңды тұлғалардың тізбесін айқындайды және енгізілген шектеулер туралы ақпаратты интернет-ресурста жыл сайын жариялайды.».</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті,</p> <p>Депутат А.С. Құспан</p> <p>Редакциялық түзету. «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 23-бабының 9-тармағына сәйкес, баптың тақырыбы баптың өзін реттеу мәнін көрсетуі тиіс. 2-тармақ «экспорты,» деген сөзден кейін «кері экспорты,» деген сөздермен толықтырылсын;</p>	Қабылданды
66.	22-бап	<p>22-бап. Ерекше тауарларды бақылау саласында рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«22-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында рұқсаттар беруден бас тарту</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті,</p> <p>Депутаттар</p>	Қабылданды

	<p>1. Экспортқа, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту:</p> <p>1) мемлекет мүдделеріне залал келтірген немесе залал келтіру қаупі туындаған;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері бұзылған;</p> <p>3) тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру кезінде теріс шешім шығарылған;</p> <p>4) өтініш берушіге қатысты рұқсат беру құжатын алуға өтініш бергенге дейін бір жыл ішінде ерекше тауарларды бақылау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;</p> <p>5) өтініш берушіге қатысты рұқсат беру құжатын алуға өтініш бергенге дейін бір жыл ішінде ерекше тауарларды бақылау саласында қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылса немесе өтініш беруші Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35 бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық теріс қылық</p>	<p>1. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды экспорттауға, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат беруден бас тарту мынадай жағдайлардың бірі болған кезде:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының мүдделеріне нұқсан келтірілгенде немесе нұқсан келтіру қатері туындағанда;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері бұзылғанда;</p> <p>3) тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру қорытындылары бойынша теріс нәтиже болғанда;</p> <p>4) егер рұқсат алуға өтініш бергенге дейін бір жыл ішінде өтініш берушіге қатысты Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылғанда;</p> <p>5) егер рұқсат алуға өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш берушіге қатысты өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылса немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10)</p>	<p>Қ.Т. Ержан, Б.М. Сартбаев</p> <p>«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Түрлі түсіндірулерді болдырмау мақсатында. Әзірлеушілер ұсынған редакцияда рұқсат беру құжатын тоқтату үшін 22-баптың 1 және 4-тармақтарында көрсетілген барлық жағдайлардың бір мезгілде басталуы қажет екені белгілі болды.</p> <p>Рұқсат беру құжатын беруден бас тарту үшін бір жағдай жеткілікті.</p> <p>Бұдан басқа, осыған ұқсас нормалар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексінде, «Мемлекеттік сатып алу туралы» «Қоғамдық кеңестер туралы», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚРЗ бар.</p> <p>Нақтылаушы түзету. Заң техникасы.</p> <p>Санкцияларды бұзғаны үшін ғана емес, сонымен</p>	
--	---	---	--	--

		<p>немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;</p> <p>6) өтініш беруші соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкцияларын бұзғаны үшін жауапқа тартылған жағдайларда жүзеге асырылады.</p> <p>2. Импортқа, транзитке рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту осы баптың 1-тармағының 1), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жүзеге асырылады.</p>	<p>және 12) немесе 36-бабының негізінде өтініш беруші қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғанда;</p> <p>6) егер өтініш берушіге соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкциялары қолданылғанда;</p> <p>7) егер өтініш беруші соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің санкцияларын бұзғанда жүзеге асырылады.</p> <p>2. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына, транзитіне рұқсат беруден бас тарту осы баптың 1-тармағының 1), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайлардың бірі болған кезде жүзеге асырылады.»;</p>	<p>бірге өтініш берушіге тікелей санкциялар қолданғаны үшін де құқықтық салдарды белгілеу қажет.</p> <p>БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің санкцияларын бұзғаны үшін жауапкершілік жоқ. Бұл бұзушылық үшін жауапкершілік нақты тауарларды бақылау саласында рұқсат беруден бас тарту сияқты болады.</p>	
67.	23-бап	<p>23-бап. Экспортқа, импортқа, транзитке, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсетуге немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат беру құжаттарының қолданылуын тоқтата тұру және (немесе) тоқтату</p> <p>1. Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «23-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, импортына, транзитіне, эксаумақтық кері экспортына, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату</p> <p>1. Өзіндік ерекшелігі бар</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутаттар Ф. А. Елеуов Б. М. Сартбаев</p>	<p>Қабылданды</p>
				Заң жобасының 3-	

	<p>уәкілетті орган: аумақтық кері, эксаумақтық немесе құжатының қолданылуын:</p> <p>1) егер олар өтініш берген сәтте белгілі немесе бар болған болса, бас тартуға әкеп соғатын жаңа фактілер пайда болған;</p> <p>2) рұқсат беру құжатындағы шарттарды өзгерту қажеттілігі;</p> <p>3) рұқсат беру құжатының иесі рұқсат беру құжаты бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайларда экспортқа, аумақтық кері экспорттауға, импортқа, транзитке, эксаумақтық делдалдық қызметтер мен техникалық көмек көрсетуге арналған рұқсат беру құжатының қолданылуын тоқтата тұруы және (немесе) тоқтатуы мүмкін.</p> <p>2. Мынадай көздерден алынған ақпарат:</p> <p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, жеке немесе заңды тұлғаларының уәкілетті органға жазбаша өтініші;</p> <p>уәкілетті орган шетелдік мемлекеттік органдар мен ұйымдардан алған ақпарат;</p> <p>бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарламалар осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсат беру құжатын тоқтата тұру және</p>	<p>тауарлардың экспортына, импортына, эксаумақтық кері экспортқа, делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсаттың қолданылуын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ мынадай жағдайлардың бірі болған кезде:</p> <p>1) егер олар рұқсат алуға өтініш берген кезде белгілі болса немесе рұқсат беруден бас тартуға әкеп соғатын жаңа фактілер туындағанда;</p> <p>2) рұқсаттың шарттарын өзгерту қажет болғанда;</p> <p>3) екінші санаттағы рұқсат иесі және (немесе) лицензиат рұқсат жөніндегі міндеттемелерді орындамағанда тоқтата тұрады немесе тоқтатады.</p> <p>Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген рұқсаттар сондай-ақ осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайлардың бірі басталған кезде өз қолданысын тоқтатады.</p> <p>2. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, импортына, транзитіне, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге</p>	<p>бабының 2-тармағына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының редакциясынан келіп шығатыны, тұтастай алғанда, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату уәкілетті органның қалауы бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Өз кезегінде, «Құқықтық актілер туралы» ҚРЗ 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p> <p>Осыған байланысты, сондай-ақ осы норманың коррупциялық сипатын алып тастау мақсатында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде уәкілетті орган рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұратынын немесе тоқтататынын нақты белгілеу керек.</p> <p>Түрлі түсіндірулерді болдырмау мақсатында. Әзірлеушілер ұсынған</p>	
--	--	---	---	--

	<p>тәуекелдерді бағалауды қайтадан жүргізу үшін негіз болып табылады.</p> <p>3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсат беру құжатының қолданылуын тоқтата тұру мерзімі шет мемлекеттерден немесе ұйымдардан ақпарат растамасын алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, 30 (отыз) жұмыс күнінен аспауға тиіс. Бұл жағдайда рұқсат беру құжатын тоқтата тұру мерзімі құзыретті орган көрсетілген растауды алған күннен бастап келесі жұмыс күнімен аяқталады.</p> <p>4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсат беру құжатының қолданылуы мына жағдайларда:</p> <p>1) иесінің рұқсат беру құжатында көрсетілген шарттарды бұзуы;</p> <p>2) рұқсат беру құжаттарын алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда дұрыс емес мәліметтердің анықталуы;</p> <p>3) рұқсат беру құжатын беруге негіз болған бір немесе бірнеше құжаттардың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру;</p> <p>4) егер қызметтің мұндай түрі экспортпен, эксаумақтық кері экспортпен, импортпен, транзитпен, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсетумен және техникалық көмек көрсетумен байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін</p>	<p>рұқсатты тоқтата тұру және тәуекелдерді бағалауды қайта жүргізу осы баптың 1-тармағында көрсетілген мына көздерден:</p> <p>Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, жеке немесе заңды тұлғаларының уәкілетті органға жазбаша өтінішінен;</p> <p>уәкілетті орган шет мемлекеттің мемлекеттік органдарынан және халықаралық ұйымдардан алған ақпаратынан; бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларынан алынған жағдайлар негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>3. Шет мемлекеттің құзыретті органынан ақпараттың растамасын алу қажет болатын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру мерзімі отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс. Бұл жағдайда рұқсатты тоқтата тұру мерзімі уәкілетті орган көрсетілген растауды алған күннен бастап келесі жұмыс күнімен аяқталады.</p> <p>4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсат мынадай жағдайлардың бірі болған кезде:</p> <p>1) екінші санаттағы рұқсатты иеленуші және (немесе) лицензиат</p>	<p>редакцияда рұқсат беру құжатын тоқтату үшін 22-баптың 1 және 4-тармақтарында көрсетілген барлық жағдайлардың бір мезгілде басталуы қажет екені белгілі болды.</p> <p>Рұқсат беру құжатын беруден бас тарту үшін бір жағдай жеткілікті.</p> <p>Бұдан басқа, осыған ұқсас нормалар ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңдарда бар.</p> <p>Заң техникасы.</p>	
--	---	--	---	--

	<p>жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылады.</p> <p>5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжатты жіберу арқылы, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға өздері берген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату туралы, егер мұндай қызмет түрі экспортпен, эксаумақтық кері экспортпен, импортпен, транзитпен, эксаумақтық делдалдық қызметтер мен техникалық көмек көрсетумен байланысты болса, уәкілетті органды дереу хабардар етеді.</p>	<p>рұқсатта көрсетілген шарттарды бұзғанда;</p> <p>2) өтініш берушінің рұқсат алу үшін ұсынған құжаттарында анық емес мәліметтер анықталғанда;</p> <p>3) рұқсат беруге негіз болған бір немесе бірнеше құжаттардың қолданысы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрғанда;</p> <p>4) егер мұндай рұқсат өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, импортына, транзитіне, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат алумен байланысты болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы берген рұқсатының қолданысы тоқтатылғанда өз қолданысын тоқтатады.</p> <p>Рұқсат берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары берілген рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы, егер мұндай рұқсат өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортына, импортына, транзитіне, эксаумақтық кері экспортқа, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге рұқсат алумен байланысты болса, уәкілетті органды уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық</p>		
--	--	--	--	--

			қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжатты жіберу арқылы дереу хабардар етеді.»;		
68.	24-бап	24-бап. Бәрін қамтитын бақылау 1. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, егер оларға осы әрекеттің нәтижелері және тауарларжаппай қырып-жою қаруын және (немесе) оны жеткізу құралдарын, қару-жарақ пен әскери техниканы жасау үшін не террористік актілерді дайындау және (немесе) жасау кезінде пайдаланылатыны белгілі болған жағдайда, экспортты, эксаумақтық кері экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асыруға және оларға кез келген өзге түрде қатысуға тыйым салынады.	1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, егер оларға олардың әрекеттерінің нәтижелері және (немесе) тауарлар жаппай жою қаруын және (немесе) оны жеткізу құралдарын, қару-жарақ пен әскери техниканы жасау үшін не терроризм актілерін дайындау және (немесе) жасау кезінде пайдаланылатыны белгілі болған жағдайда, өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспортын, кері экспортын, импортын, транзитін, эксаумақтық кері экспортты жүзеге асыруға, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек көрсетуге немесе оларға кез келген өзге түрде қатысуға тыйым салынады.»	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат А.С. Құспан Кері экспорттауға жоспарланған тауарларға да бәрін қамтитын бақылау жүргізілуі керек. Редакциялық түзету.	Қабылданды
69.	24-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы	24-бап. Бәрін қамтитын бақылау ... 2. Бақылау тізімінің қолданылуына жатпайтын тауарлармен экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек	2-тармақта: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «2. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың кері экспортын, импортын, транзитін жүзеге асыратын, эксаумақтық делдалдық	Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутат А.С. Құспан Редакциясын нақтылау, өйткені эксаумақтық	Қабылданды

		<p>көрсетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары осы Заңда және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен, егер оларды:</p> <p>1) уәкілетті орган немесе ерекше тауарларды бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органы экспорт, импорт, транзит, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету және техникалық көмек көрсету нәтижелері осы баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы хабардар еткен;</p> <p>....</p> <p>3. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары бақылау тізіміне енгізілмеген тауарлармен экспортты, импортты, транзитті, эксаумақтық делдалдық қызметтер көрсету немесе техникалық көмек көрсетуді жүзеге асыру кезінде жан-жақты өлшемшарттарды басшылыққа алуы қажет.</p>	<p>қызметтер немесе бақылау тізіміне енгізілмеген тауарлармен немесе қызметтермен техникалық көмек көрсететін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары осы Заңда және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен, мынадай жағдайлардың бірінде олар:»;</p> <p>1) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>3-тармақта: «тауарлармен» деген сөзден кейін «немесе көрсетілетін қызметтермен» деген сөздермен толықтырылсын; «экспортты» деген сөзден кейін «кері экспортты,» деген сөздермен толықтырылсын;</p>	<p>делдалдық қызметтер немесе техникалық көмек қызметтер болып табылады.</p> <p>Заң жобасының 1-бабының 8) тармақшасына және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ 2-бабына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Қайта экспорттауға жоспарланған тауарларға да бәрін қамтитын бақылау жүргізілуі керек.</p>	
70.	25-бап	<p>25-бап. Импортталған ерекше тауарларды мәлімделген мақсаттарда пайдалануға бақылау субъектілеріне (объектілеріне)</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «25-бап. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылау</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті, Депутаттар</p>	<p>Қабылданды</p>

	<p>бармай, профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі</p> <p>1. Импортталған ерекше тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы бапқа сәйкес жүргізеді.</p> <p>2. Импортталған ерекше тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау:</p> <p>1) уәкілетті органның өз құзыреті шегінде ерекше тауарларды бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері жөнінде сұрау салуы бойынша алынған ақпаратты;</p> <p>2) ерекше тауарларды бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалардан келіп түсетін ақпаратты;</p> <p>3) жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы</p>	<p>1. Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – мемлекеттік бақылау) Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды анықтау мақсатында:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларының импортына және (немесе) кепілдік міндеттемелеріне лицензиялар алу кезінде мәлімделген мақсаттардан өзгеше мақсаттарда импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды пайдалану;</p> <p>2) импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемелері беріле отырып импортталған тауарларды тиісті рұқсат алмастан Қазақстан Республикасының аумағындағы үшінші тұлғаларға беру бөлігінде жүзеге асырылады.</p> <p>2. Мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>3. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортын жүзеге</p>	<p>Қ.Т. Ержан, Д.М. Еспаева, А.С. Құспан, Б.М. Сартбаев</p> <p>Редакциясын нақтылау. Реттелетін</p> <p>қатынастардың ерекшелігін ескере отырып, анықталған бұзушылықтар оларды түзету мүмкіндігін білдірмейді. (іс жүзінде тауар үшінші тұлғаға рұқсатсыз берілген).</p> <p>Тиісінше, ұсынысты жіберу өзінің орындылығын жоғалтады.</p> <p>Бұзушылықтарды анықтау дереу әкімшілік жауаптылыққа әкелуі керек.</p> <p>Редакциялық нақтылау.</p> <p>Нақты тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаттары көрсетілген.</p> <p>Мемлекеттік бақылау субъектілері нақтыланды.</p> <p>Бақылау субъектілерінің құжаттар мен ақпаратты ұсыну тәртібі, сондай-ақ оларды ұсынбаған жағдайдағы жауапкершілік мәселесі реттелді.</p>	
--	--	--	---	--

	<p>түрлі көздерден алынған мәліметтерді салыстыру нәтижесінде алынған ақпаратты талдау арқылы жүргізіледі.</p> <p>3. Импортталған ерекше тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай бақылау алдын алу-профилактикалық сипатта болады.</p> <p>4. Бақылау субъектілерінің әрекеттерінде (әрекетсіздіктерінде) импортталған ерекше тауарлардың мәлімделген мақсаттарда пайдаланылуын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган осындай бақылау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымды ресімдейді және бақылау субъектісіне жібереді.</p> <p>5. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда тапсырылған болып есептеледі:</p> <p>1) қолма-қол алғаны туралы белгісі бар;</p>	<p>асыратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың немесе Қазақстан Республикасының кепілдік міндеттемелері ұсыныла отырып импортталған тауарлардың түпкі пайдаланушылары мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.</p> <p>4. Мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараты;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының өтініштері;</p> <p>3) халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың немесе шет мемлекеттер ұйымдарының ақпараты;</p> <p>4) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат негіз болып табылады.</p> <p>5. Мемлекеттік бақылау мемлекеттік бақылау субъектісіне сұрау салу жіберу және мемлекеттік бақылау субъектісінен алынған құжаттарды және (немесе) ақпаратты Қазақстан Республикасының мемлекеттік</p>		
--	---	--	--	--

		<p>2) пошта арқылы – хабарламасы бар тапсырыс хат жіберу арқылы;</p> <p>3) электрондық тәсілмен – уәкілетті органның бақылау болуы керек субъектісі уәкілетті органға бұрын табыс еткен құжаттарда көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жіберуі арқылы</p> <p>6. Ұсынымда көрсетілген бұзушылықтарды жою мерзімі ол тапсырылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.</p> <p>7. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсыным тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.</p> <p>8. Ұсынымды осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзімде орындамау бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізуге әкеп соғады.</p> <p>9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау</p>	<p>органдарынан, халықаралық ұйымдардан, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарынан немесе ұйымдарынан келіп түсетін немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған құжаттармен және (немесе) ақпаратпен салыстыру жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>6. Уәкілетті органның мемлекеттік бақылау субъектісіне төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсыну туралы сұрау салуы мынадай жағдайларда:</p> <p>1) қолма-қол – алғаны туралы белгісі бар;</p> <p>2) пошта арқылы – тапсырыс хатпен;</p> <p>3) электрондық тәсілмен – мемлекеттік бақылау субъектісі бұрын ұсынған рұқсатты алуға арналған өтініште көрсетілген мемлекеттік бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жіберілген күннен бастап не «электрондық үкімет» веб-порталындағы мемлекеттік бақылау субъектісінің жеке кабинетіне жіберілген күннен бастап табыс етілген болып саналады.</p> <p>Мемлекеттік бақылау субъектісі сұрау салуды алған</p>		
--	--	---	---	--	--

		<p>жарты жылда бір реттен жиі емес жүргізіледі.</p>	<p>күннен кейінгі келесі жұмыс күні мемлекеттік бақылауды жүргізудің басталуы болып есептеледі.</p> <p>Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау субъектілерінен және мемлекеттік органдарынан құжаттарды және (немесе) ақпаратты сұрау салуда көрсетілген тәртіппен, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар арқылы күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде алады.</p> <p>7. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мерзімі оны жүргізу басталған күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайды. Зерттеулер, сынақтар және арнайы сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мерзімін уәкілетті органның басшысы жиырма жұмыс күніне ұзартуы не лауазымды адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезеңіне немесе мемлекеттік бақылау субъектісі оларды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда құжаттарды және (немесе) ақпаратты алғанға дейін тоқтата тұруы мүмкін.</p> <p>8. Уәкілетті органның</p>		
--	--	---	---	--	--

		<p>лауазымды адамы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:</p> <p>1) мемлекеттік бақылау субъектісіне мемлекеттік бақылау нысанасына жататын құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсыну туралы сұрау салу жіберуге;</p> <p>2) мемлекеттік бақылау субъектісінен мемлекеттік бақылау нысанасына жататын құжаттарды және (немесе) ақпаратты алуға;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, сарапшыларды және мамандарды мемлекеттік бақылау нысанасына және бақылау объектісінің мақсатына сәйкес тартуға;</p> <p>4) автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) мемлекеттік бақылау нысанасына сәйкес қол жеткізуге құқығы бар.</p> <p>9. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның лауазымды адамы:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасында белгіленбеген талаптардың орындалуын тексеруге;</p>		
--	--	---	--	--

			<p>2) мемлекеттік бақылау нысанасына жатпайтын құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсынуды талап етуге;</p> <p>3) мемлекеттік бақылау жүргізуді осы Заңда белгіленген мерзімдерден асыруға;</p> <p>4) осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау жүргізу нәтижесінде алынған мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға құқылы емес.</p> <p>10. Уәкілетті органның лауазымды адамы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік бақылау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;</p> <p>2) Осы Заңда айқындалатын тәртіп негізінде және оған сәйкес мемлекеттік бақылауды жүргізуге;</p> <p>3) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезеңінде мемлекеттік бақылау субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;</p>	
--	--	--	---	--

		<p>4) мемлекеттік бақылау субъектісіне не оның уәкілетті өкіліне мемлекеттік бақылау нысанасына жататын мәселелер бойынша түсініктемелер беруге кедергі жасамауға;</p> <p>5) мемлекеттік бақылау субъектісіне мемлекеттік бақылау нысанасына жататын қажетті ақпаратты беруге;</p> <p>6) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде алынған құжаттардың және (немесе) ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.</p> <p>11. Мемлекеттік бақылау субъектісі мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде:</p> <p>1) мемлекеттік бақылау нәтижелері туралы актіге және уәкілетті органның лауазымды адамының әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;</p> <p>2) уәкілетті органның лауазымды адамының мемлекеттік бақылау жүргізу нысанасына жатпайтын талаптарын орындамауға құқылы.</p> <p>12. Мемлекеттік бақылау субъектісі мемлекеттік бақылауды</p>		
--	--	---	--	--

		<p>жүзеге асыру кезінде:</p> <p>1) сұрау салуды алған сәттен бастап жеті күн мерзімде уәкілетті органның лауазымды адамына мемлекеттік бақылау жүргізу нысанасына жататын құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсынуға;</p> <p>2) құжаттарға және (немесе) ақпаратқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ мемлекеттік бақылау нысанасына жататын инженерлік-техникалық құралдардың, ақпараттық жүйелердің және автоматтандырылған дерекқорлардың конфигурациясы мен сипаттамаларына өзгерістер енгізуге жол бермеуге міндетті.</p> <p>13. Егер мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын бұзушылық фактісі анықталса, уәкілетті органның лауазымды адамы өкілеттіктері шегінде бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қолдануға</p>	
--	--	--	--

			міндетті.».		
71.	26-бап	<p>26-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының функциялары</p> <p>Мемлекеттік кіріс органдары мынадай:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен, оның ішінде тізбесі мен қолданылу тәртібін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітетін техникалық бақылау құралдарын қолдана отырып өткізілетін ерекше тауарларды бақылау;</p> <p>2) ерекше тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз өткізудің алдын алу және жолын кесу функцияларын жүзеге асырады.</p>	<p>Алып тасталсын.</p> <p><i>Кейінгі тармақшалардың нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>1) тармақша заң жобасының 27-бабының 1) тармақшасын қайталайды. Бақылаудың техникалық құралдарын қолдану мүмкіндігі туралы ережені заң жобасының 28-бабына ауыстыру ұсынылады.</p>	Қабылданды
72.	27-баптың 2-тармағы	<p>27-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының құзыреті</p> <p>...</p>	<p>Тақырыбындағы «Қазақстан Республикасы» деген сөздер алып тасталсын;</p> <p>2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті,</p> <p>Депутат</p> <p>Қ.Т. Ержан</p>	Қабылданды

		<p>2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген бақылауды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік кіріс органдары:</p> <p>1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік органдармен және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды және ақпарат алмасады;</p> <p>2) бақылау жүргізу мақсаттары үшін әртүрлі сала мамандарын тартады;</p> <p>3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде көлік құралдарын тоқтатады және қарап-тексеру, жете тексеру жүргізіледі;</p> <p>4) ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін әзірлейді, құрады, сатып алады және пайдаланады;</p> <p>5) техникалық бақылау құралдарын қоса алғанда, тауарларды сатып алады;</p> <p>6) ерекше тауарлардың өткізілуін бақылауды жүзеге асыру кезінде фактілер мен оқиғаларды құжаттауды, бейне және аудиожазба, кино және фотоға түсіруді жүргізеді;</p>	<p>«2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарларды заңсыз өткізудің алдын алу және жолын кесу мақсатында мемлекеттік кіріс органдары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, өткізілетін тауарларға қатысты құжаттар мен мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тауарлар өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардан сұратады және алады;</p> <p>2) арнайы білім мен дағдыларды талап ететін мәселелерді зерттеу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, сарапшыларды және мамандарды тартады;</p> <p>3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде көлік құралдарын тоқтатады, оларды қарап-тексеруді, тексеріп-қарауды жүргізеді;</p>	<p>Редакциясын нақтылау. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу заң жобасының «ерекше тауарларды бақылау саласында ақпараттандыру» деген 5-тарауының шеңберінде жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Мемлекеттік кірістер органдары өткізілетін тауарларға қатысты ақпарат пен мәліметтерді сұратуы тиіс екенін редакцияның нақтылауы.</p> <p>Мемлекеттік органдардан басқа, уәкілетті орган үшін арнайы білімі мен дағдысы бар ұйымдар мен мамандарды тарту мүмкіндігін көздеу орынды деп санаймыз.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Кодексінің 13-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Осы құзырет уәкілетті органның құзыреті болуға</p>	
--	--	--	--	---	--

		<p>7) мемлекеттік кіріс органдарының қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының ерекше тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын құқықтық бұзушылық жасағаны туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады;</p>	<p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін, деректерді беру жүйелерін, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын әзірлейді, құрады, сатып алады және пайдаланады;</p> <p>5) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың техникалық құралдарын сатып алады, пайдаланады;</p> <p>6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттауды, бейне және аудиожазба, киноға және фотоға түсіруді жүргізеді;</p> <p>7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».</p>	<p>тиіс. Осыған байланысты оны заң жобасының 8-бабында қарастыру ұсынылады.</p>	
73.	28-бап	<p>28-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының ерекше тауарларды бақылауды жүзеге асыру түрлері</p> <p>Ерекше тауарлардың бақылауды мемлекеттік кіріс органдары мынадай түрлер:</p>	<p>Мынадай редакцияда жазылсын: «28-бап. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың</p>	<p>Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті</p> <p>Редакциясын нақтылау, өйткені Мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық</p>	Қабылданды

		<p>1) рұқсат беру құжаттары (лицензиялар/рұқсаттар) бар ерекше тауарлардың іс жүзінде өткізілуін бақылауды және есепке алуды жүзеге асыруды көздейтін рұқсат беру;</p> <p>2) ерекше тауарлар көзбен шолып анықталған не мемлекеттік органдардан ерекше тауарларды лицензиясыз/рұқсатсыз өткізу туралы ақпарат алған жағдайларда бақылаудың жете тексеру (қарап-тексеру) нысандарын қолдана отырып бақылау;</p> <p>3) тұлғалардың ерекше тауарларды бақылау саласындағы заңнаманы сақтауын тексеру мақсатында ерекше тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілгеннен кейін бақылау арқылы жүзеге асырады.</p>	<p>өткізілуін бақылау түрлері</p> <p>1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың өткізілуін бақылау мынадай:</p> <p>1) оларға қатысты рұқсаттар бар өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың экспорты, импорты, транзиті кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілуін бақылау;</p> <p>2) құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру;</p> <p>3) қарап-тексеру немесе жете тексеру, оның ішінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың техникалық құралдарын қолдана отырып бақылау түрлері арқылы жүзеге асырылады.»;</p>	<p>экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы ерекше тауарлардың өткізілуіне бақылауды ғана жүзеге асырады.</p> <p>«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚРЗ сәйкес келтіру.</p> <p>Редакциясын нақтылау.</p> <p>Бақылау нысандары бойынша аражігін ажырату және құжаттар мен мәліметтерді тексеру, оның ішінде ерекше тауарларды бақылаудың техникалық құралдарын қолдану сияқты бақылау нысанын енгізу.</p> <p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілгеннен кейін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асыруға тиіс.</p>	
74.	28-бап.	<p>28-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының ерекше тауарларды бақылауды жүзеге асыру түрлері</p> <p>...</p> <p>Жоқ.</p>	<p>Мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:</p> <p>«2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы рұқсатсыз өткізілетін өзіндік ерекшелігі бар</p>	<p>Депутат Қ.Т. Ержан</p> <p>Құқықтық олқылықты жою мақсатында, өйткені заң жобасында лицензиясыз</p>	Қабылданды

